

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19577160 «Қазақтілді масс-медиадағы конфликтогенді мәтіндер: тілдік құқықбұзушылықтың сот-лингвистикалық параметрлері» (0123PK00131)
Жоба өзектілігі	<p>XX ғасырдың соңғы он жылдығы мен ХХІ ғасырда кең өріс алған жариялылық сөз бостандығы, қазіргі сандық технология жетістіктерінің бірі – электронды БАҚ, әлеуметтік желілердің пайда болуы, журналистика саласының блогерлермен толығыуы қоғамның әрбір мүшесінің сөз алып, пікір білдіруіне жол ашты. Бұл халық пен билік я үкімет арасындағы өзара диалогтың орнауында, қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің ашық қойылуында маңызды болғанымен, көптеген саяси мемлекеттік, қоғамдық-әлеуметтік, деректерді бұрмалайтын, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар туралы конфликтогенді мәтіндердің БАҚ-та көрініс беруіне алып келді.</p> <p>БАҚ-тағы жоғарыда көрсетілгендей қақтығысты мәтіндер талапкер және жауапкер тараптардың пайда болып, этникаралық, руаралық, дінаралық, сонымен қатар әлеуметтік топтар арасындағы араздықты қоздыру, заңды және жекелеген тұлғалардың арнамысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру, қорлау, жала жабу туралы сот істері қозғалуының бірден бір факторы болып табылады. Және осы процеске мәселенің объективті шешімінде даулы мәтінге лингвистикалық зерттеу жүргізу үшін филолог-мамандар жиі тартылады. Алайда сот процесінде филолог-сарапшы немесе филолог-маман тарапынан дайындалған лингвистикалық сараптама қорытындысының объективтілігі, құзыреттілігі күман, дау тудыратыны жиі кездеседі. Филологиялық сараптама қорытындысына байланысты мұндай мәселелердің туындауының бірнеше факторларын алға тартуға болады: 1) Қазақстан ғылымында сот-лингвистикалық сараптама салыстырмалы түрде қалыптасу, даму үстіндегі жас ғылым болып табылады; 2) қазақтілді БАҚ материалдарындағы тұлғаға нұқсан келтіру мәліметтерінің тілдік формалары бойынша теориялық-әдістемелік параметризациясы анықталған жоқ; 3) қорлау сөйлеу актілерін анықтаудың өлшемдері нақты белгіленбеген; 4) қазақтілді БАҚ-тағы экстремистік конфликтогенді жарияланымдардың параметризациясы нақты зерттеу нысанына айналмады; 5) қазақтілді БАҚ конфликтогенді материалдарындағы жала жабу деректерінің лингвистикалық талдау параметризациясы зерттелген жоқ.</p>
Жоба мақсаты	Қазақтілді дәстүрлі және электронды масс-медиадағы конфликтогенді материалдарға лингвоқұқықтық талдау нәтижесінде экстремистік, қорлау, жала жабу, нұқсан келтіру туралы сот ісіндегі

	лингвистикалық сараптаманың параметризациясын анықтау.
Жоба міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақтілді масс-медиа ресурстарынан тұлғаның арнамысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру; ұлысаралық, діни, әлеуметтік араздықты қоздыру түріндегі вербальды экстремизм; тілдік агрессия, қорлау, жала жабу мүмкіндігі бойынша конфликтогенді материалдарды іріктеу өлшемдерін құру үшін отандық және шетелдік юрислингвистика, сот-лингвистикалық сараптама, лингвоконфликтология салаларындағы ғылыми-теориялық еңбектерге шолу жүргізу және нұқсан келтіру дерегі бойынша мәліметтер туралы ғылыми тұжырымдарды талдау; • нұқсан келтіру, жала жабу, вербалды экстремизм, тілдік агрессия, тілдік зомбылық, қорлау мәліметтерін қамтитын қақтығысты мәтіндерге, қақтығысты сөйлеуге тән тілдік ерекшеліктерді саралау, жинақтау және сот-лингвистикалық параметризациясын құру; • азақтілді масс-медиа өнімдеріне вербальды экстремизм, нұқсан келтіру, тұлғаға (заңды, жеке) қарсы тілдік агрессия, тілдік зомбылық, қорлау тілдік деректері бойынша конфликтогенді жарияланымдарды іріктеу, мониторинг жүргізу; • аңды және жеке тұлғалар туралы жағымсыз мәліметтер қамтылған қазақтілді масс-медиа конфликтогенді жарияланымдарынан дерек туралы мәлімдемені іріктеу және лингвоқұқықтық өлшемдер бойынша талдау; • ұлғаға (заңды, жеке) қарсы тілдік агрессия, тілдік зомбылық, қорлау, вербальды экстремизм, жала жабу тілдік деректері бойынша масс-медиадан жинақталған конфликтогенді жазбаша, ауызша мәтіндерді сот-лингвистикалық параметризация негізінде талдау; • этникааралық, діни, әлеуметтік т.б. араздықты қоздыру сипаты бар қақтығысты мәтіндердегі үндеу сөзін (сөйлеу актілерін) анықтаудың сот-лингвистикалық параметрлерін талдау; • Жоба нәтижесі бойынша Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жарияланады; • тілдің қазақ тілді масс-медиадағы қызметі мен қолданысы бойынша зерттеу нәтижелері негізінде «Тіл және қақтығыс: қазақтілді масс-медиадағы деректері» ұжымдық монография дайындау.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер

Қақтығысты мәтінге немесе даулы ақпаратқа лингвистикалық сараптама жүргізуде басым жағдайларда анықталуы қажет етілетін мәселелерге байланысты төмендегі нәтижелер алынды:

– Даулы (конфликтогенді) мәтіннің жалпы бағыттылығы, қақтығысты мәтін авторының идеясын талдауда мәтін лингвистикасы тәсілдерін қолдану өлшемдері анықталады;

– Тұлғаның ар-намысы мен абыройы және іскерлік беделіне нұқсан келтіру, адресат я сөз бағытталған объектіге қарсы тілдік агрессия, қорлау (кибербуллингтік вербалды шабуыл), вербалды экстремизм т.с.с. мәліметтер туралы сот ісінде даулы я қақтығысты мәтін авторының коммуникативтік мақсатын зерттеуде прагмалингвистикалық талдау, дискурс-талдау әдістерін лингвоқұқықтық аспектіде қолдану өлшемдері анықталады.

– Сот ісінің нысаны болып табылатын конфликтогенді я даулы мәтіннен жеке немесе заңды тұлғаға қатысты жағымсыз ақпараттарды іріктеуде лексикалық бірліктердің функционалды-семантикалық талдауын құқықтық сала өлшемдерінің негізінде жүзеге асыру тәсілдері белгіленеді.

– Конфликтогенді мәтіннен тұлғаға қатысты жағымсыз ақпараттардың тілдік формалары: дерек туралы мәлімдеме және пікір, баға, күман, болжам т.б. модаль формаларын құқықтық сала өлшемдерінің негізінде өзара ажырату тәсілдері белгіленеді.

– Сот-лингвистикалық сараптама үдерісінде даулы мәтіндегі бағалауыштық ақпараттар жала жабу, тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру туралы істерде ақиқат немесе жалған мәліметті білдіруі жағынан өзара ажырату өлшемдері анықталады.

– Бағалауыштық ақпараттың шындыққа сәйкестігінің тексерілу (верификация) мүмкіндіктерін тілдік таңбаның семантикалық құрылымында қамтылатын деректілік / дерексіздік, эксплициттілік / имплициттілік мәндерді өлшем ретінде қарастыру тұжырымдалады.

Жұмыс нәтижесі бойынша төмендегідей жарияланымдар жоспарланды:

– Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жарияланады;

	<p>– сонымен қатар, БҒССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (бір) мақала немесе шолу жарияланады;</p> <p>– Ұжымдық монография «Тіл және қақтығыс: қазақтілді масс-медиадағы деректері» атты ұжымдық монография әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасынан шығады.</p> <p>– Жарыққа шығатын «Тіл және қақтығыс: қазақтілді масс-медиадағы деректері» атты ұжымдық монографияға авторлық куәлік алынады.</p> <p>Ұсынылып отырған жобаны жүзеге асыруға жас мамандардың – PhD докторлары мен докторанттарының, сонымен қатар заң саласы мамандарының тартылуы отандық юрислингвистика ғылымының келешегіне, интегративті зерттеулерге қызығушылықтың артуына негіз болады.</p> <p>Жоба барысында алынған зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарының филология, әлеуметтану, заңгерлік салалар мамандықтарында юрислингвистика, лингвоконфликтология, сот-лингвистикалық сараптама, лингвокриминалистика сияқты тіл және заң тоғысындағы пәндерді оқытуда құрал ретінде қолданылуына байланысты анықталады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы сот сараптама орталықтары мен мекемелеріндегі филологиялық сот сараптама бөлімдері сарапшыларының және лингвистикалық сараптамамен айналысатын филолог-мамандардың да сұраныстарын қанағаттандырады, оларға әдістемелік құрал, нұсқаулық ретінде пайдалы деп ойлаймыз.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Таусогарова Аяужан Кайратовна, кандидат филологических наук, доцен. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9571-4414. Scopus ID: 57192156038 2. Бектемирова Сауле Бекмухамедовна, Кандидат филологических наук, доцент. Хирша индексі – 1. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6723-6742. Scopus ID: 56951069700 3. Алдашева Камар Сагингалиевна, PhD. Хирша индексі – 1. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5292-6727. Scopus ID: 56674595500. 4. Мұқалдиева Гулия Бекешқызы, к.ю.н, ассоциированный профессор. Хирша индексі – 3. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8004-9968. Scopus ID: 5719215707. 5. Акишев Максат Серикович. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8109-5739. Scopus ID: 57220102176.
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	



